

Жаркент қаласындағы көшелерді қайта атау туралы

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 6-12-86 шешімі және Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 621 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 25 қаңтарда № 4085 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, Жаркент қаласы халқының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 16 қыркүйектегі қорытындысы негізінде, Панфилов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Панфилов ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Жаркент қаласының келесі көшелері:

1) № 1 көшесі – "Шәріп Омаров" көшесі;

2) № 14 көшесі – "Жақсыбай Исаев" көшесі;

3) № 18 көшесі – "Бакрим Зайнудинов" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Білім, денсаулық, мәдениет, әлеуметтік саясат, жастар ісі, спорт жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Панфилов аудандық мәслихатының шешімі мен Панфилов ауданы әкімдігінің қаулысы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихаттың сессия төрағасы

Аудан әкімінің міндетін

атқарушы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

М. Әжібеков

Ш. Құрбанов

Е. Нұрахметов